



№72 (10165)
23 қыркүйек,
сейсенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Теміржол вокзалының құрылысымен танысты

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің, сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен ауданда заманауи талаптарға сай жаңа теміржол вокзалы салынып жатыр. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов «КазЭнергоПроектСтрой» ЖШС-ның жоба жетекшісі Нұржан Бектібаевты қабылдап, Жалағаш кентіндегі теміржол вокзалының құрылысын жеделдетуге қатысты жобалық-сметалық құжаттар мен өзекті мәселелерді талқылады.

Айта кетейік, аудан аумағынан 47 шақырым теміржол өтеді. Жалағаш станциясы арқылы «Алматы-1 – Ақтөбе», «Ақтөбе – Алматы-1», «Алматы-2 – Маңғыстау», «Маңғыстау – Алматы-2», «Қызылорда – Павлодар», «Павлодар – Қызылорда» жолаушылар пойызы өтеді.

«Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ АҚ-ның тапсырысымен теміржол вокзалының жаңа ғимараты салынып жатыр. Жобада жаңа үлгідегі вокзал ғимаратынан бөлек перрон аумағын абаттандыру және жарықтандыру жұмыстары да қарастырылған. Мәжілісте аудан әкімі құрылыс сапасын жіті бақылап, жолаушыларға ыңғайлы әрі заманауи стандарттарға сай нысанды уақытылы пайдалануға беруді тапсырды.

Аудан басшысы теміржол вокзалының жаңа ғимаратына барып, құрылыс барысымен де танысты. Сондай-ақ жұмыс сапасын бақылауда ұстап, тиісті сала басшыларына құрылыс қарқынын жеделдету және аумақты көркейту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Аудан әкімі нысанның уақытылы пайдалануға берілуі қажеттігін ескертіп,



жобаның жүзеге асуы ауданның көлік инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Иә, Жалағаш ауданында бұрынғы теміржол пункті қайта жаңғыртылуда. Ескісі бұзылып, заманауи вокзал салынады. Сондай-ақ перронды абаттандыру және жарықтандыру жоспарланған.

Мердігер мекеме ескі пункттің орнын тегістеп, қазір құрылыс жұмыстарын бастап кетті. Аумағын абаттандыру үшін Жалағаш кенті әкімдігінің теңгеріміндегі жер учаскесі «Қазақстан Темір Жолы» АҚ Қызылорда облыстық филиалына берілуде. Жобада жаңа үлгідегі ғимарат, перронды абаттандыру және жарықтандыру қарастырылған.

Айта кетейік, елімізде 100 теміржол вокзалын жаңғырту қолға алынған. Қалғанын келер жылы аяқтау жоспарланып отыр. Биыл Қазақстан бойынша жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан 100

вокзалдың 10-ы – Қызылорда облысының аумағындағы ғимарат. Өңірдегі теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу үшін шамамен 5 млрд теңге қаржы қажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ» АҚ-мен келісім-шартқа отырды.

2023 жылы Қызылорда қаласындағы ғасырдан астам тарихы бар вокзал мен аумағы толықтай жаңғыртудан өтті. Жобаның жалпы құны – 577 млн теңге. Оған «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 255 млн теңге қаржы бөлінді. 1905 жылы салынған бір қабатты вокзалға күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде заманауи талаптарға сай бейімделді.

Қасбеті травертин плиталарымен қапталды, шатыры жаңартылды, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған

пандустар орнатылды. Сонымен қатар суағар, су, көріз және жылу жүйелері жөнделіп, қапа жақ беті көгалдандырылды. Ішкі бөлмелері де толықтай жөнделді. Бұдан бөлек екі жолаушылар платформасына асфальт төселіп, төрт тірекке 10 жарықшам орнатылды.

1969 жылы салынған екінші нысан да жаңартылды. Әкімшілік ғимараттың қасбеті әрленіп, есіктері, 200 шаршы метр шатыр ауыстырылды. Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен перрон мен автотұрақ асфальтталып, жарықшамдар қойылды. Сол аумақтағы нысандардың қасбеті де заманауи келбетке ие болды.

Бұл жұмыстар аймақтағы көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге бағытталған.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Аққұмдағы егіс алқабында қайнаған жұмыс, дала дарабозының біреуі де сәл аялдауды білмейді. Біз тұрған атызда қос комбайн басы дөнге толған Сыр салысын сұлатып келеді. Ал арғы атызда орылған күрішке түскен тағы бір комбайн бункер толған дәмді жиектегі жүк көлігіне құюға беттеп барады.

Керемет көрініске көз сүйсінеді. Бір сәтте қасымдағы қырағы өріптегіс атыздың ортасында жүрген еңбек адамын байқап, сұхбат алуды жөн көрдік. Бірақ жиекте қос техника бітік шыққан өнімді орып келеді. Ал бұл жалғыз өзі атыз ортасында не істеп жүр? Осы сауалдың түйінін тәркату үшін дала дарабозын еңгімеге тарттық.

Бұл «Аққұм-Жер» шаруа қожалығының диқаны Аябек Ешбанов екен. Кейіпкеріміз дәл осы шаруашылықта 2001 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бастапқыда шаруашылықтың күрші ақтау цехында диірмен жұмысына жауапты болған. Ал дала жұмысына ауысқанына 5 жылдан асыпты. Сол уақыттан бері Аябек Ешбанов даңғайыр диқандардың ізімен күріштің күтіміне бар күшін салуда.

Күріштің «Лидер» сұрпын жергілікті шаруашылықтардың қолданысқа енгізгеніне 10 жылдан асты. Қанша дегенмен тұқым тозады, соңғы жылдары Сыр салысының бұл сұрпы ауруға ұшырап, мұның бері өнім сапасына айтарлықтай кері әсер еткен. Ал мұндай өнімнің экспорт бойлай тұрсын, ішкі нарыққа да өтімділігі едәуір төмендейтіні сондықтан. Былтыр да «Аққұм-Жер» шаруа қожалығы күріштің дәл осы сұрпын егіпті. Әдеттегідей өнім уақытында ауруға ұшырап, шаруашылық бұл тығырықтан шығудың амалын іздейді.

Шаруашылық төрағасы Рустам Сәрсенбаев шаруаны ширатуға қажетті маман таңдауда жаңылған емес. Дәл осы қасиеті өлгі мәселенің алдын алуға да үлкен көмек болған. Бұған дейін аймақтағы маңдайалды шаруашылықтардың жұмысын бір жүйеге келтірген агрономды жұмысқа алдырып, қазір былтырғы мәселеге нүкте қойды, яғни «Аққұм-Жер» шаруа қожалығының бүгінгі бас агрономы Асқар Алиакбаров дәнді толықтай дерттен айықтырып, күзде сапалы өнім алуға даңғыл жол ашқан. Мұны кейіпкеріміз Аябек Ешбанов та жоққа шығармады.

– Былтыр да өнім жаман болған жоқ, бірақ Сыр салысы ауруға ұшырады. Биыл дәл осы мәселемен тағы да бетпест келмес үшін диқандар төрағаға мә-

Диқан Аябек



селемізді жеткіздік. Ол мықты агроном алдырды. Мықты дейтіндей жөніміз бар, негізі нағыз маманның еңбегін бағалап, мойындауымыз керек. Бұл ретте Асекеңнің еңбегіне тоқталмай кетуге тағы болмайды. Тіпті мол өнім алу үшін бізбен басқа да тәжірибесімен бөлісіп отырады. Соның арқасында биыл өнімнің шығымы жоғары болды. Бұйыртыса, биыл да қомақты сыйақыға ие боламыз, – дейді диқан Аябек Ешбанов.

Иә, ауыл еңбеккерінің «тағы да» деген бірауыз сөзі бізді ойландырмай қоймады. «Сонда былтыр да жалақыдан бөлек қосымша сыйақы алдыңыз ба?» деп сауал тастағанмыз да сондықтан. Сөзімше, жыл сайын сабантойда шаруашылық еңбеккерлеріне айлығынан бөлек қосымша сыйақы таратуды төраға Рустам Сәрсенбаев дәстүрге айналдырған көрінеді. Былтырдың өзінде дәл осы мақсатқа қыруар қаражат қараған.

– Былтыр 54 гектар жерге күріш ектім, әр гектардан 50 центнерден өнім алдым. Былтыр да аяқсу мәселесі болды, бірақ біз жауапкершілікті еселедік. Биыл да оңай болған жоқ, бірақ кезектесіп су алу арқылы бұл мәселені тағы да айналып

өттік. Былтыр сабантойда төрағамыз еңбегімізді бағалап, айлығымыздан бөлек қомақты қаржылай сыйақы үлестірді. Соған өзім де ие болдым. Бұл ауылдағы қарапайым еңбек адамы үшін үлкен шабыт екенін жақсы білесіздер. Биыл да осындай сыйақыдан үміт бар, өнімнің шығымы жаман емес, ал төрағаның адал еңбектің лайықты бағасын беретініне ешқандай күмәніміз жоқ. Биыл бұйыртыса, өткен жылдан да мол астық аламыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді Аябек ағамыз.

Иә, оның үлкен өнімнен үміт күтетіндей жөні бар, алқаптағы күріштің шығымы ала жаздай жауапты диқанның жай жатпағанын аңғартады. Күріштің күтімі келіскенін бітік шыққан өнімнің өзі айтып тұр. Тіпті атыздағы өнімнің арасында бір тал артық шөп жоқ.

Ол күріш өсіруді 5 жыл бұрын бастапты. Бастапқы жылдары 35 гектарға күріш өккен ол әр гектардан 48 центнер өнім алған. Сөзімше, «Лидер» 120 күнде піседі. Өзіне міндеттелген жұмысты мінсіз орындаған диқанның жер көлемін өткен жылдан бастап төраға кеңейткен, былтыр ол 54 гектар күріш өккен.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Кеңес

Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев 80-нен астам сауда желісінің өкілдерімен кеңейтілген отырыс өткізді. Жиынға Қазақстан сауда желілері қауымдастығы, облыс әкімдерінің орынбасарлары, сондай-ақ Magnum Cash&Carry, Small&Skif сынды сауда желілерінің өкілдері де қатысты. Арман Шақалиев Үкімет бекіткен әлеуметтік маңызы бар тауарларға 15 пайыз мөлшеріндегі сауда үстемесін сақтау туралы сөз қозғап, бұзушылық болған жағдайда қатаң шаралар қолданылатынын ескертті.

Баға бақылауда бола ма?



Айта кетейік, жыл басынан бері министрліктің аумақтық департаменттері 2562 өкімшілік қаулы қабылдаған. Заңсыздыққа жол бергені үшін 56,5 млн теңгеден астам айыппұл салынса, 1202 кәсіпкерге ескерту жасалған. Ал әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының сауда үстемесін асырып жібергені үшін 2191 қаулы шығарылған, соның ішінде 1020-сына 39,6 млн теңге айыппұл салынған.

Ет өнімдері нарығында белгіленген сауда үстемесінің сақталуына ерекше назар аударылып отыр. Әлеуметтік маңызы бар сиыр етіне үстеме бағаны асырғаны үшін 45 қаулы рәсімделген, оның 33-і – айыппұл. Сауда министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, ет өнімдерін сауда орындарына жеткізу кезінде үстеме бағаның сақталуын бақылау үшін қосымша мониторингтік топтар құрылып жатқанын хабарлады. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізуде жасырын қымбаттау схемаларын және ретро-бонустарды алып тастауға бағытталған заңнамалық өзгерістер дайындалып жатыр.

Аймақтық комиссиялардың жұмысы аясында жыл басынан бері 747 отырыс өткізіліп, 2301 бұзушылық фактісі анықталған. 1956 өкімшілік қаулы қабылданып, 345 нақты өнімі жоқ делдалдар алынып тасталған. Электронды шот-фактураларды талдау барысында 9015 тауарлық тізбектің ішінен 823 тәуекелді бұзушылық белгілі болған.

Министрлік еліміздегі ірі сауда желілерінде «Береке Fest» акциясы басталатынын да мәлімдеді. Акция аясында жаңа өнімдер, әсіресе халықтың сұранысына ие жаңа піскен көкөністер, жемістер мен сиыр еті ұсынылады. Сауда желілері қазақстандық өндірісшілер үшін арнайы орындар бөліп, өнімдерді нарықтан төмен бағада сатуға мүмкіндік береді.

750 келіден астам есірткі тәркіленген

ҚР Ішкі істер министрлігі қоғамдық қауіпсіздік пен азаматтардың денсаулығын қорғауға бағытталған «Заң және Тәртіп» қағидатын іске асыруды жалғастыруда. Мәселен, бір аптада 83 есірткі қылмысы анықталып, 750 келіден астам тыйым салынған зат тәркіленген.



Өткен апта ішінде елдің түрлі өңірлерінде есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл бөліністерінің қызметкерлері есірткінің заңсыз айналымына қатысты бірқатар құқық-бұзушылықты анықтап, жолын кесті. Жалпы 83 есірткі қылмысы анықталды. Оның 63-і өткізу дерегі, 8-і аса ірі көлемде сақтау, 1 ұйымдастырған қылмыстық топ, 7-еуі құрамында есірткісі бар өсімдіктерді өсіруге жатады.

Тәркіленген есірткі заттарының жалпы көлемі 750 келіден асты. Оның ішінде 6 келіден астам синтетикалық заттар алынды, бұл – «қара нарықтағы» 18 мыңнан астам дозаға тең.

Батыс Қазақстан облысында полиция қызметкерлері Атырау қаласынан а-р-р-р синтетикалық есірткісінің ірі партиясын алып келген 20 және 37 жастағы екі ер адамды ұстады. Тергеу барысында күдіктілердің бірінің тұрғылықты мекен-жайында 1,2 келіден астам синтетикалық есірткі, сондай-ақ таразы, қаптама материалдары мен буып-түюге арналған құралдар тәркіленді.

Алматы қаласында жедел іс-шаралар барысында 44 жастағы ер адамның басқаруындағы автокөлік тоқтатылып, жүк салғышынан ұнтақ терізді зат салынған төрт пакет табылды. Сараптама нәтижесінде заттың жалпы салмағы 1,35 келі мефедрон екені анықталды. Күдіктінің бұл заттың бір бөлігін достарымен бірге тұтынғаны, қалғанын шамамен 5 млн теңгеге сатуды көздегені белгілі болды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

2 ҚОҒАМ

Құрмет

Туған жерге тағзым

Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, белгілі актер, жерлесіміз Фани Құлжановтың 60 жас мерейтойына арналған мерекелік кеш өтті. Аталған шарада Дональд Кобурнның «Ойыннан от шығар» трагикомедиясы сахналанды. Мерекелік кешке облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев пен аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысты.

Спектакльде басты рөлдерді Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Фани Құлжанов пен Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты Нұржан Бексұлтанова жоғары кәсібилікпен сомдап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаев тәржімалаған қойылым бүгінгі қоғамның тыныс-тіршілігін көрсетеді.

Қарттар үйі. Тағдырдың басқа салғанына көнген Веллер Мартин мен Фонсия Дорсидың таныстығы. Жалғыздықтан қажыған екеуін карта ойыны табыстырады. Веллер де, Фонсия да алғашқыда «сырты бүтін, іші түтін»

деп кіріскенімен, ойындағы қулық-сұмдықтың бәрін жақсы меңгерген Фонсия үнемі жеңіп шығады. Арадағы қызғаныш оты үдеп, Веллер өз үстемдігін көрсеткісі келіп, мазасы қашады. Қызғаныштың соңы қашанда жақсылыққа апармасы анық. «Ойыннан от шықты!...» деген осыдан қалған. Веллер жүрегі тоқтап, ойын үстінде қайтыс болады. Фонсия «Мұныңыз не? Сізге не болды? Бұл жәй ғана ойын ғой. Кешір мені, Веллер!» деп қойылым аяқталады. Қойылымда жанын жегідей жеген ойдан арыла алмаған екеуінің тағдыры осылай өрілген.

Кеш барысында облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев сахнаға



топырақтың даңқын асырған азаматтар – халық мақтанышы. Сол азаматтардың алдыңғы қатарында жүрген жерлесіміз Фани Әбдәуіліұлы Құлжановтың есімін мақтанышпен айтамыз. Сізді мерейлі 60 жасыңызбен облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы және Сыр жұртшылығы атынан шын жүректен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, сарқылмас шабыт пен шығармашылық табыс тілейміз. Мерейтойыңыз құтты, мерейіңіз үстем болсын, – деді А.Зебешев.

Айта кетейік, Фани Құлжанов 1980-1984 жылдары Қызылорда музыкалық училищесінде білім алған. Кейін, яғни 1987 жылы Алматы мемлекеттік «Театр және Кино» институтында оқуын жалғастырып, театр және кино өнерінің негізін үйренген. 1990-2007 жылдары М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қызмет атқарды. Алғаш рет М.Мақатаевтың «Қош, махаббат!» қойылымында Айбар рөлін сомдаған. Осыдан бастап ол көптеген спектакльде маңызды рөлдерде ойнаған. Мәселен, М.Байджиевтің «Қалыңдық пен күйеуді», У.Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Гортензид, М.Әуезовтың «Айман-Шолпанында» Арыстан, Е.Замятиннің «Еділ патшасында» Вегила, Ғ.Мүсіреповтың «Махаббат туралы аңызында» Қодар, Иран Ғайыптың «Шыңғыс ханында» Сүбітай, «Абылай ханында» – Әбілмансұр, Қ.Аширдің «Қабыл – Адам ата перзентінде» Абыл, Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесіндегі» Құмар, Г.Гауптманның «Ымырттағы махаббатында» Эрих Кларрот, У.Шекспирдің «Гамлетінде» Король Клавдий, Д.Исабековтің «Әпкесіндегі» Омар, Шахмарданның «Қазақтарында» Қасымсұлтан, Ш.Айтматовтың «Ақкөмесінде» Оразкүл, Ә.Нұршайықовтың «Қан мен терінде» Тәңірберген рөлін ойнап, «Қазақфильм», «Қырғызфильм», «Өзбекфильм», Ресей киностудияларында киноға түскен. Мұнан бөлек «Тоғысқан тағдырлар», «Қара шепіртке», «Ләйләнің зары», «Жас ұлан» фильмдерінде басты рөлді сомдаған. Ол театр сахнасында көптеген классикалық және заманауи қойылымда басты рөлдерде ойнап, өнерсүйер қауымның көзайымына айналған. Оған «Мәңгілік бала бейне» спектакліндегі Құмар рөлі үшін Қазақстан Жастар Одағының сыйлығы табысталған. Өнердегі ерен еңбегі үшін көптеген мемлекеттік марапаттарға ие болған. 2015 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанса, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Қойылымның аса шеберлікпен сомдалды, көрермен ерекше ықылас танытып, зор қошемет пен алғыс білдірді. Шынайы сезім мен терең мәнге толы театр өнері көрермен жүрегіне жол тауып, жоғары бағаланды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Кеңес

Жылу маусымына дайындық барысы пысықталды

«Amanat» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиында аудан бойынша білім беру және денсаулық сақтау саласы мекемелерінің алдағы жылу маусымына дайындық барысы қаралды. Комиссия отырысына аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов пен аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Гүлсім Қаюпова жылу маусымына дайындық барысы туралы баяндады.



Басқосуда жылу жүйелерінің дайындығы, көмір және сұйық отынмен қамтылу жағы, жылу маусымына толықтай әзірлік барысы кеңінен қаралды. Комиссия мүшелері тарапынан қосымша сұрақтар қойылып, бірқатар нақты ұсыныс айтылды. Мақсат – қыс мезгілінде білім мен медицина саласының тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Айта кетейік, ауданда білім беру ұйымы бойынша 32 нысан бар. Оның ішінде 20 мектептің 15-і сұйық отынмен, 2-еуі қатты отынмен жылытылады. Үш мектеп газбен, мемлекеттік 10 балабақшаның 6-ауы сұйық отынмен, 3-еуі газбен, 1 балабақша қатты отынмен, «Ақтерек» сауықтыру лагері, оқушылар үйі сұйық отынмен жылытылады. Барлық мекеме жылу паспортын биыл 2 қыркүйекке дейін алған.

Алдағы жылу маусымына дайындық мәселесі басты назарымызда. Қыс мезгілінде оқушылардың еш кедергісіз білім алуына жағдай

жасаймыз. Барлық білім ошағы, балабақшалар уақытында қажетті отын қорымен қамтылады. Қазіргі таңда бұл бағыттағы жұмыстар басталып кетті. Тек кент орталығы ғана емес, ауылдық елді мекендерде орналасқан білім ошақтарының алдағы жылу маусымына дайындығы басты назарымызда. Тіпті кешегі оқушылардың жазғы демалысында жаңа оқу жылы мен жылу маусымына қатар дайындықты пысықтап алдық. Алдағы уақытта бұған қатысты мәселе болмайды, – деді Талғат Құрақбайұлы.

Биыл мектептерге сұйық отынға 448,8 млн теңге, қатты отынға 7,8 млн теңге бөлінді. Бүгінгі таңда қорда мектептер бойынша 712 литр сұйық отын бар.

Жылу маусымына дайындықты ұйымдастыру мақсатында облыстық білім басқармасына жылу қазандықтарына қажетті құрал-жабдықтарға, бу қазандықтары мен насостар алуға 10981 мың теңге қаржы беріліп, қа-

жетті заттармен қамтамасыз етілген. Балабақшалар бойынша биыл сұйық отынға 80,9 млн теңге, қатты отынға 800 мың теңге қаралған.

Жылу маусымына дайындықты ұйымдастыру мақсатында облыстық білім басқармасына жылу қазандықтарына қажетті құрал-жабдықтарға, бу қазандықтары мен насостар алуға 5744 мың теңге беріліп, қажетті заттармен қамтамасыз етілген. Балабақшалар бойынша сұйық отынға қажеттілік 122,3 литрді құрайды. Сонымен қатар №31 мектептің қазандықтарын көгілдір отынға көшіру жоспарланып, бюджеттен 6836 теңге бөлінді.

Жалағаш аудандық ауруханасына қарасты 19 ғимарат бар. Оның 16-сы ауылдық елді мекендерде орналасқан, үшеуі аудан орталығында. 19 нысанның 3-еуі газ жүйесімен жабдықталса, 15 ғимарат көмірмен және 1 нысан тоқ көзімен жылытылады.

Аудандық ауруханаға қарасты барлық медициналық нысанның ал-

дағы жылу маусымына дайындық барысы күнделікті бақылауда. Медициналық нысандарды отын қорымен қамтамасыз ету үшін осыған дейін арнайы кәсіпорындармен келісім-шарт жасалды. Аудан орталығынан шапғайдағы елді мекендерде орналасқан медициналық нысандардың жылу маусымына дайындығы да бақылауда. Біз де бұған дейін жылу маусымына дайындықты бірнеше рет пысықтап алдық. Алдағы уақытта аудандағы барлық медициналық нысан қажетті отын қорымен толық қамтамасыз етіледі, – дейді бас дәрігердің орынбасары.

Гүлсім Қаюпова көмірмен қамтамасыз ету бойынша биыл қаңтар айында «ОЛЖАС-2005» ЖШС-мен 660 тонна көмірге келісім-шарт жасалғанын айтады. Бүгінгі таңда 660 тонна көмір қабылданған.

Сондай-ақ ол елді мекендер бойынша Мәдениет, Таң және Жаңақоныс ауылдық дәрігерлік емхана ғимараттарына ағымды жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жылу жүйесі трубалары мен бу қазандығы ауыстырылғанын жеткізді. Мақпалкөл ауылындағы ғимаратқа қосымша бу қазандығы орнатылып, 110 метр жылу трубасы қойылған. Есет батыр ауылындағы жаңа ғимаратқа орналасты. 2025-2026 жылдардағы жылу маусымына барлық елді мекен дайын, жылу жүйесі 15-қазаннан бастап іске қосылмақ.

Иә, «әлі қыс алда» деп арқаны кеңге жаюға тағы болмайды. Оның үстіне қыркүйек ортасынан ауғаны кеше ғана сияқты еді. Қазірдің өзінде күн салқындап бара жатқандай. Сондықтан алдағы жылу маусымына дайындықты алдын ала пысықтап алғанның ешқандай айыбы жоқ. Дайындық кезінде тіпті жылу құралдарының да сапасы, қауіпсіздік талаптары назардан тыс қалмауы керек.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мәжіліс

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар міндет жүктелді.

Жолдау – оң өзгерістер бастауы



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауын жариялады. Президент Жолдауы – мемлекеттің алдағы жоспарына, халқына және даму бағытына серпін беретін маңызды саяси құжат. Жолдауда цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау, өңдеу өнеркәсібінің жаңа инвестициялық кезеңі, ауыл шаруашылығын ғылыммен ұштастыру, су үнемдеу технологияларын енгізу, әлеуметтік салада тиімді шешімдер қабылдау, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы кеңінен қозғалды. Мемлекет басшысының бұл Жолдауы – еліміздің жаңа даму кезеңіне нық қадам басқанын көрсететін маңызды құжат. Осы ретте баршаңызды ел игілігі жолындағы жұмыстарға жұмыла кірісуге шақырамын. Жолдауда көрсетілген тапсырмаларды орындауда әр сала басшысы бар күш-жігерін салуы қажет. Президент бастамаларын аудан көлемінде іске асыру жұмыстары жүйелі жалғасатын болады, – деді аудан басшысы.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Саддық Әлиев, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов сөз сөйлеп, цифрландыру мен жасанды интеллектті ауыл шаруашылығына енгізу арқылы саланы жаңа деңгейге көтеру қажеттігін атап өтті. Сонымен бірге аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибіесия Дүйсенбиева, аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қайрат Жапбасбаев алдағы міндеттер мен салада атқарылатын жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Жиын соңында Жолдаудан туындайтын міндеттер бойынша жауапты сала басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді.

Бала қауіпсіздігі – басты назарда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте балалардың жол-көлік оқиғаларының алдын алу және балабақшалардағы автокөлікпен бала тасымалдау қызметіне қатысты өзекті мәселелер қаралды. Жиынға жауапты сала басшылары, кент және ауылдық округтердегі балабақша құрылтайшылары мен меңгерушілері қатысты.

Айта кетейік, ауданда 38 мектепке дейінгі ұйым бар. Олардың оны – мемлекеттік балабақша, мұнан бөлек 1 шағын орталық, 27 жеке балабақша бар. Қазіргі таңда бұл ұйымдарда 2 352 бала тәрбиеленуде.

Мәжілісте көліктердің техникалық жақталылығы, сапа стандарттары мен қауіпсіздік талаптарына ерекше назар аударылды. Сонымен қатар ауылдық округтерден кент орталығына балаларды автокөлікпен балаларды тасымалдауды болдырмау мәселесі көтеріліп, көліктердің қозғалыс қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сәйкестігі қатаң ескертілді.

Жиында аудан әкімі бұған дейін жүргізілген зерделеу нәтижесінде анықталған ескертулер бойынша тиісті шараларды жедел қолға алуды тапсырды. Сонымен қатар бала тасымалдау қызметін жетілдіру, көлік қызметін белгіленген талаптарға сәйкестендіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

– Жеке және мемлекеттік балабақшалардағы балаларды тасымалдау мәселесіне қатысты, балалардың жол қауіпсіздігіне байланысты бірнеше рет ескерту жасалды. Балабақша құрылтайшылары мен меңгерушілерінің қатысуымен өткен бұған дейінгі екі жиналыста да бұл мәселе көтерілді. Дегенмен жұмыс әлі күнге дейін өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылмай келеді. Жеке балабақшалардың бала тасымалдайтын көліктерінде орын алып жатқан заң бұзушылықтар әлі де кездесуде. Талапқа сай келмейтін көліктерді біржола тоқтатыңыздар. Ауылдық округтерден кент орталығына балаларды балабақшаға немесе мектепке тасымалдау мүлде болмауы керек. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты жағдайды қатаң бақылауда ұстаныңыздар. Өңіріміздегі барлық білім беру ұйымдарындағы тасымал мәселесін шұғыл түрде жан-жақты тексеріп, талаптарға сай келмейтіндерді анықтап, тиісті шаралар қабылдаңыздар. Жол қауіпсіздігін, оның ішінде білім беру ұйымдары аумағындағы қауіпсіздікті қатаң бақылауға алып, тұрақты түрде рейд ұйымдастырыңыздар, – деді А.Ибраимов.

Айта кетейік, бұған дейін аудандағы балабақшалардың балаларды тасымалдауға арналған арнайы көліктеріне кешенді зерделеу жұмыстары жүргізілген болатын. Зерделеу барысында анықталған кемшіліктер бойынша ескерту беріліп, талапқа сәйкес келмейтін көліктер тоқтатылды. Бұл бағыттағы зерделеу және рейдтік іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілетін болады.

Жиын соңында жауапты сала басшыларына күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша тиісті жұмыстарды шұғыл үйлестіру, балабақша меңгерушілері мен құрылтайшыларына балаларды тасымалдауға қатысты барлық талаптардың толық орындалуы міндеттелді.

Е.АНУАРУҰЛЫ

Міржақып Дулатұлы – 140 жыл

Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТУ ЖОЛЫНДА ЖАНЫН ПИДА ЕТКЕН АҚЫН, ЖАЗУШЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҚАЛАМЫНАН ТУҒАН ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРДА КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨП. ОНЫҢ ӨМІРІ ҚОҒАМДЫҚ СІЛКІНІСТЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ТАПТЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРҒА ТАП КЕЛДІ. ЖАЗУШЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ ОЙ-ТАНЫМЫ ОРЫНБОРДА 1913-1918 ЖЫЛДАРЫ АРАЛЫҒЫНДА ШЫҚҚАН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ТҮГЕЛ ҚАМТЫЛДЫ.



Алдымен Міржақып Дулатұлының публицистикалық туындыларын пайда болған уақыт ерекшелігіне байланысты айқындасақ, біріншіден, 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейінгі – Ресей отаршылдығына қарсы ел үшін, жер үшін күрес кезеңіне байланысты жазылған публицистикалық шығармаларынан көреміз. Екіншіден, Ақпан төңкерісінен бастап Қазан төңкерісіне дейінгі – Уақытша Үкімет тұсындағы елдегі демократиялық қозғалыстар кезеңіндегі шығармалары болса, үшіншіден, Қазан төңкерісінен бастап, Кеңес өкіметі толық орнағанға дейінгі – Азамат соғысы жылдарындағы большевизмге қарсы күрес кезеңіндегі публицистикалық шығармалары.

1913 жылы 2 ақпанда «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі жарық көргеннен бастап (газеттің редакторы Ахмет Байтұрсынұлы және екінші редакторы әрі жауапты хатшысы Міржақып Дулатұлы) қаламгердің жариялаған қазақ қоғамындағы әдебиет сыны мен діни-рухани-мәдени мәселелері оның кемел ойлы көсемсөздік шебері екенін айқын танытты. XX ғасыр басында «Қазақ» газетінің жарыққа шығуымен бірге қазақ халқының зиялы буыны қалыптасты. Олар жақұт жазбаларында ел тағдырын, жер тағдырын, ағартушылық мәселесін қозғады. «Қазақ» газетінің ұстанған өзіндік бағыт-бағдарымен қазақ зиялылары ұлт тәуелсіздігі жолындағы идеяларын кең қамтып, өз кезеңіндегі заманның күрделі әлеуметтік мәселелерін баспа беттерінде жариялады. XX ғасыр басында қазақ басылымдарының ішінен «Қазақ» газеті алдыңғы саптан көрініп, қазақ зиялыларының кемел ойлы көсемдік танытқан мақалаларындағы озық ойлары халықтың санасын рухтандырды.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары аңсаған білімге үндеу ХХ ғасырдың бас кезінде нәтиже беріп, елді азаттыққа ұмтылдыруға жігер берді. Қазақ зиялылары ел бағытын айқындап, тәуелсіздік жолын нұсқаған жаңа тұлғалар ішінен Міржақып Дулатұлы айрықша көрінді.

1913 жылғы 9 наурызда №5 нөмірде «Қазақ» газетінің дүниеге келуімен құттықтаған Шөкәрім қажы Құдайбердіевтің «Қазақ» құтты болсын!» атты өлеңінде:

Үмітті Орынбордан бала туды,
Қолына жарық сәуле ала туды.
Мақсаты: қараңғыда жүрген халқын
Ойлайды тура жолға қаратуды,
— деп сәттілік тілеген сөздері газеттің әрі қарай қазақ баспасөзінің көшбасшысы болуына септігін тигізді.

Газеттің дереккөздері мен рухани күнділділігі, шынайылық деңгейі оның шығарушылары мен негізгі авторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып

Дулатұлының еңшісінде болды. Большевиктер бүліншілігіне дейін патша жандармериясының қуғын-сүргініне қарамастан «Қазақ» газетінің бес жыл бойы үздіксіз шығып тұруын қамтамасыз еткен қос қаламгердің еңбегі зор. Бұл жайында Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов 1915 жылдың 18 сәуіріндегі «Қазақ» газетінде: «Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржақып газеттің уақысіне есіл ғұмырын байлап отыр» — деп жазды.

Қазақ баспасөзінің көшбасшысы болған «Қазақ» газетінің материалдары М.Дулатұлының тек жеке өмірінің ғана емес, публицистикалық еңбектерінің де дереккөздері болып табылды. Олай болуының себебі «Қазақ» газетінде жұмыс істеген жылдары оның бойына біткен бар табиғи публицистік таланты толығымен ашылып, терең білімділігі айқын көрінді деуге болады. М.Дулатұлының «М...», «М.Д.», «Мадияр», «Түрік баласы» сияқты бүркөніш аттармен газет беттерінде үздіксіз басылып тұрған материалдары оның ақын-жазушы, саяси күрескерлігімен қатар публицист, сыншы, зерттеуші, тарихшы екенін де көрсетті. «Қазақ» газетінің бірінші жылғы сандарында көтерілген «ұлттың саяси еркі мен жерін өз қолына түгел алып болып, енді қазақтың өз жеріне, атамекеніне өзін сыйғызбай ығыстыра бастаған ақ патшаның зорлығы; халық санасынан ояту мәселесі; қазақ қоғамын темір құрсаудай қысып, бойын жаздырмаған ортағасырлық мешәулік; бірін-біріне айдап салып, билей беру мақсатында патша берген болыстық билікке таласу; ел қатарлы өз мүддесін өзінің қорғауына жол бермеген нағандық пен саяси құқықсыздық т.б. ұлттық деңгейдегі басты мәселелер болатын. Осы көтерілген өзекті мәселелер М.Дулатұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Жер аудару», «Қазақ жылғы», «Шөкірттер жайынан», «Земство һәм қазақ», «Мектеп-медреселер мәселесі», т.б. мақалаларында қазақ ұлтының өмірі, ел тынысы жан-жақты бейнеленді.

«Қазақ» газеті Орынборда 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап, 1918 жылдың аяқ кезіне дейін шығып тұрды. Осы кезеңде газеттің 265 нөмірі жарық көрді. Газет қалыпты көлемде, алғашқы кезде жетісіне бір рет, кейін үш рет шықты. Ол қазақ халқының арасына көп тарап, үлкен белдегі ие болды. «Газет алғашқыда 3 мың данамен шықты. Бұл ол уақыт үшін тіптен көп таралым еді... Оппозициялық газет бола отырып, «Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады,

қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қарсы сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды. 1913-1916 жылдардың ең бойында газет 26 рет жабылады.

Шын мәнінде Міржақып Дулатұлы публицистикалық мақалаларымен ХХ ғасырдың әлеуметтік жағдайындағы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, мәдени, әдеби маңызы зор мәселелерін терең талдап, «Қазақ» газетінде жариялап отырды. М.Дулатұлы халықтың мұңы мен зарын сөз еткен, оның дұрыс жолмен шешілуіне ықпал жасаған публицистикалық еңбектерімен ұлт тәуелсіздігінің негізін қалыптастырғандығын «Қазақ» газеті арқылы айқындап берді. Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Ақ жол» газетінің 4 ақпандағы «Ахаңның елу жылдық тойына» арнап жазған мақаласында: «Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. «Қазақ» газетінің сол заманнан бері қарай талай өмірі өткен сияқты. Бұл уақыт — саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен уақиғаларына қарағанда көп заманға жауап болатын толқынды заманға бері. Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей шырқытырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» деп жазды. Ұлттық мемлекет болу идеясы қазақ интеллегенциясын ұлттық «Алаш» партиясын құрып, «Алаш ордa» үкіметін орнатуға әкеледі. Бұл қазақ зиялыларының 1917 жылғы Ақпан революциясынан күткен үміті болатын. Одан кейін «...Қазан күндері келіп жетті. Қазан төңкерісі партиясының көреген көзқарастағы көп партияның үлгісінде қазақ ұлтшыл ұйымының «Алаш» партиясын құрды, партияның бір мүшесі өзімізін. Езілген, тоналған, сіңірі шыққан ұлтымыздың қамынан асып, өзгедей ерекетке барған емеспін» деген болатын Міржақып Дулатұлы өзінің 1929 жылғы «Ұрпаққа хатында». Ұлтының қамын ойлаған «Алаш» азаматтарының қанды Қазан төңкерісі, Азамат соғысының нәтижесі олардың идеясын сөйлітті. Ақын Ұлы Октябрь қарсаңында «Мадияр» бүркөніш атымен 1917 жылғы «Қазақ» газетінің 21 тамызында «Қайда едің?» өлеңін жариялады. Бұл өлеңінде бостандық жолындағы күресті айта келіп, халықтың көкейкесті арман-тілектерін орындай алмай, өз бастарының аман-дығын сауғалап жүрген қайраткерлерге қатал сын тақты.

«Көшегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,

Жол таба алмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын сонда қайда едің?...
Сарыарқа сайран көрлерім,
Көкөрай шалғын көлдерім,
Бөрің жауға алдырып,
Асқар тау, биік белдерім.
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?...» — деген ойлы сөздерімен ер көңілді алаштың азаматына енді зор сын! — деп өз кезеңіндегі заманның күрделі әлеуметтік мәселелерін баспа беттерінде жариялады.

Міржақып Дулатұлының публицистикалық мақалаларын Орынборда 1913-1918 жылдары аралығында шығып тұрған «Қазақ» газетімен байланыстырғанда ғана төмендегі өзекті мәселелерді айқындай аламыз. Біріншіден, Міржақыптың публицистикалық еңбектерінің толықтай негізгі бөлімі осы газетте жарияланды. Екіншіден, бұл — қазақ тілінде үзілместен ұзақ мерзімге және жиі шығып тұрған бірден-бір мерзімді басылымдардың бірі болатын. Қазақ баспасөзінің көшбасшысы болған «Қазақ» газеті қоғамдық ой-сананың, оқу-ағартудың үгітшісі болуымен бірге қазақ әдебиетінің ілгері дамуына жаршы болды. Мұнымен бірге қазақ әдебиетін байытуда алғашқы қазақ романының авторы, прозаик, ақын, көсемсөз шебері, көрнекті қоғам қайраткері. Ол бүкіл өмірі мен күш-жігерін туған халқының азаттығы мен даңқын арттыруға бағытталған қажымас күреске жұмсады.

1920 жылдары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызметтес болған, тұтқындалғаннан кейін отбасына көмектескен әдебиетші ғалым Б.Кенжебаев: «...мен көрген, білген, түйген Міржақып Дулатұлы үлкен журналист, жазушы, ақын не жөнінде болсын жинақы, терең, алғыр да өткір, міндік оғындай еді. Тұрған бір қайрат, міржақ кісі еді», — деп ұлтымыздың ұлы тұлғасын ерекше еске алады.

М.Дулатұлының публицистикалық еңбектері мен өмірінің жаңа кезеңінде 16-ның ойраны, Ақпан төңкерісі, Большевиктер бүліншілігі, актер мен қызылдардың қырғыны, кеңестік-тоталитарлық жүйенің орнауы, осылардың бәрі іскер публицистикаға таң заңдылықтармен «Қазақ» газетінде толық көрініс тапты. Алаш арысы қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік жағдайын тұтастай қалпында қабылдап, ұлттық сананы жаңғыртудағы өміршең идеялық ойларын «Қазақ» газеті арқылы саралап берді.

Жамбыл КҮЗЕМБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты

Әлеуметтік қызметкердің еңбегі – қоғамдағы ең ізгі мамандықтың бірі. Мүгедектігі бар балалар мен психоневрологиялық аурулары бар адамдарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Заңға негізделген жүйелі жұмыс пен жүрекжарды қамқорлық – қызметкер тәжірибесінің басты тұғыры.

Қамқорлық пен жанашырлық — әлеуметтік қызметкер еңбегінің өзегі



Әлеуметтік қызметкер ретінде менің кәсіби қызметім ҚР «Әлеуметтік кодексіне» және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің №263 бұйрығымен бекітілген арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына негізделген. Қызмет алушыларым – мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдар. Олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірін жеңілдету мен әлеуметке бейімдеуге бағытталған жұмыстарды атқарамын. Бұл салада жинақтаған тәжірибем – ең алдымен адамға деген жанашырлық пен кәсіби жауапкершілік.

Арнаулы әлеуметтік қызмет әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-құқықтық болып 8 бағыт бойынша көрсетіледі. Осы бағыттардың әрқайсысы қызмет алушылардың өмір сапасын арттыруға, қоғамда өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған. Заңдылықтарды басшылыққа ала отырып, ер отбасыға және әр адамға жеке қолдау көрсетуге тырысамын. Себебі әлеуметтік қызметкердің ең басты мақсаты – тек көмек көрсету емес, адамның өміріне сенім ұялату, болашағына үміт сыйлау. Өз тәжірибемде мүгедектігі бар балалардың өнерге, білімге деген қызығушылығын оятуға, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал еттім. Ал 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдарға тұрмыстық дағдыларын қалыптастыруда, қоғамға бейімделуге қолдау көрсетіп келемін.

Күнделікті өмірде олардың қасында жүріп, қуанышы мен мұңын бөлісу – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі адами борыш. Әрбір қызмет алушыға қамқорлық көрсету арқылы олардың өмірін жеңілдетіп қана қоймай, жүрегіне жылулық сыйлауға тырысамын.

Айнұр ЖЕТПІСБАЕВА,
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері

Сақтансаң, сақтайды

Өрт – адам өміріне, денсаулығына және мүлікке үлкен қауіп төндіретін төтенше жағдайдың бірі. Тұрғын үйлерде өрттің шығу себептері көбінесе электр сымдарының дұрыс қолданылмауынан, тұрмыстық электр құралдарын бақылаусыз қалдырудан, пеш пен газ жабдықтарын пайдалану ережелерін бұзудан туындайды.

Тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі



Өрт қауіпсіздігін сақтау үшін әрбір тұрғын бірқатар талапты орындауы тиіс. Электр сымдары мен розеткалардың жарамдылығын тексеріп отыру керек. Электр құралдарын ұзақ уақытқа қосулы қалдырмау қажет.

Газ жабдықтарын қолданғанда ақаусыз екеніне көз жеткізу бәрінен маңызды. Пешті жағу кезінде қатан қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Балалардың қолына сіріңке, газ жандығысы сияқты өрт тудыратын заттарды бермеу керек. Пәтерде немесе үйде өрт сөндіріш құралдарының болуын қамтамасыз ету маңызды.

Өрт шыққан жағдайда дереу «101» немесе «112» нөміріне хабарлау керек. Сондай-ақ адамдарды эвакуациялап, қауіпсіз жерге шығару қажет. Мүмкін болса, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалана білу де маңызды. Әрбір азаматтың сақтығы – отбасы мен қоғам қауіпсіздігінің кепілі.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Алтын ұя

Қайраткер атындағы орта мектеп

Жаңа оқу жылы басталысымен әріптесім екеуіміз әдеттегідей білім саласындағы өзгерістер мен жетістіктерді газет бетіне жариялау үшін білім ордаларына тілшілік жұмыспен бардық. Алғашқы бағытымыз – жарты ғасырлық тарихы бар аудан орталығындағы Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп. Мақсат – мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, жаңа оқу жылында алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндермен, түлектермен жүздесу.



Есіктен енгеніміз соледі, мектеп директоры Ақбота Шаймова бізді күтіп алып, ең әуелі бірінші қабатта Шекер Ермағанбетоваға арналған көрмемен таныстырды. Мұнда қоғам қайраткерінің өмірлері мен қолданған заттары, киімдері сақтаулы. Балалар бос уақытында осында келіп, қайраткердің өмір жолымен танысып, өткен еңбегінен үлгі алады. Мектеп директоры жәдігерлер сырттан келген қонақтар мен оқушыларға ел тарихынан сыр шертіп тұрғанын айтады. Мұнан әрі директормен бірге мектептің бүгінгі тынысы мен жетістігін сараладық.

Сөзіне сүйенсек, алтын ұя биылғы жаңа оқу жылын 410 оқушымен бастаған. Оның 28-і алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршін болса, 56-сы мектепалды даярлық тобына қабылданды.

Мұнда 114 оқушы бастауыш сыныпта оқиды. 1 мен 11 сынып аралығындағы 191 бала бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Бала қауіпсіздігін баста назарда ұстайтын Бота Мұхамбетжанқызы астың сапасы мен асхананың тазалығы үнемі бақылауында болатынын айтады.

– Келер жылы мектептен 31 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Барлығы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға ниетті. Жақында ғана оқушылар Қызылорда қаласындағы «U-Study» тестілеу орталығына барып, алғаш рет тест тапсырып қайтты. Нәтиже жаман емес, алдағы уақытта бұдан да жоғары балл жинайтындырына сенімдімін. Діттеген мақсатымызға жету үшін тыңғылықты дайындықты үзбейміз. Быыл өзирге 2 оқушыны «Алтын белгіге», 3 оқушымызды «Үздік аттестатқа» ұсынып отырмыз,

– дейді мектеп директоры.

Айта кетейік, былтыр мектепті 15 оқушы бітіріп, оның 13-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Ал 12-сі білім грантын жеңіп алып, 1-еуі ақылы негіздегі оқу орнына құжат тапсырған. Сондай-ақ ҰБТ-ға қатыспаған екі оқушы арнайы колледжге грантқа түскен. Оқушылардың басым көпшілігі педагогикалық бағытты таңдаған. Осы ретте мектеп директоры түлектердің жыл сайын 100 пайыз оқуға орналасатынын, ҰБТ-ға қатысу деңгейі жоғары екенін тілге тиек етіп, шәкірттерінің айтулы жетістігін білікті әріптестерінің еселі еңбегімен байланыстырды.

Мектеп оқушылары түрлі аудандық, облыстық, республикалық, білім олимпиадаларына, ғылыми жарыстар мен шығармашылық байқауларға белсене қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді. Осы ретте мектеп директоры оқу жылының басталғанына көп болмаса да қоржына алғашқы жетістікті сапып үлгергендерін айтты.

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың байқаудың аудандық, облыстық кезеңінде «Су-көлік саласындағы» техникалық құрастыру номинациясы бойынша 6 сынып оқушысы Қуаныш Бауыржанұлы I орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алған. Ал Айсултан Қуанышбекұлы Халықаралық музейлер күні аясында 5-8 сынып оқушыларына арналған облыстық «Жас өлкетану – 2025» ғылыми білім жобасының жеңімпазы атанған. «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын» әссе байқауының аудандық, облыстық кезеңінде Нұрасыл Әнуарбек шығармашылығымен

қатарластарынан оза шауып, I орын иеленген.

Оқушылар білім бәйгелерінен бөлек өнер мен спортта да оза шауып жүр. Мәселен, Асылжан Сейтжан «Сөз маржан» Бұл – оқушы қабілетін бағалайтын халықаралық бағдарлама. Оған мектептен 9-10 сыныптан 39 оқушы қатысып, математика, оқу сауаттылығы сынды пәндер бойынша білімдерін саралаған.

Сондай-ақ мұнда 66 педагог бар. Оның 16-сы – педагог-зерттеуші, 31-і – педагог-сарапшы, 15-і – педагог-модератор. Олар да түрлі бағыттағы жарыстарға қатысып, үздіктер қатарынан көрінуде. Мәселен, химия пәнінің мұғалімі Индира Әбілдаева «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының аудандық, облыстық, республикалық кезеңінде де жүлделі I орын иеленген.

Мұнан бөлек қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Рахат Қуанышбекұлы облыстық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауынан III орын, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» байқауының облыстық кезеңінде де үздік үштіктен көрініп. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде Құралай Серікқызы II орын иеленген.

Жоғарыда айтып өткенімдей, мұндағы оқушылар спортқа да бейім. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Нұрлыбек Ахметовтың жетекшілігімен қыздардан құралған гандбол құрамасы бар. Олар қыздар арасында 7-8 сынып оқушыларымен өткен «Ұшыр доп» жарысының облыстық іріктеу кезеңінде қарсылас шақ келтірмей, республикалық кезеңде I орын иеленген.

Жалпы тізе берсек, мектептің жетістігі жетерлік. Кабинеттер қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, білім сапасын арттыруда бірқатар жоба жүзеге асуда. Мектеп директоры биылғы түлектер алдыңғы буының сара жолын жалғап, ҰБТ-дан жоғары көрсеткішке қол жеткізетініне сенеді. Түлектер де ұстаздарының үмітін ақтау үшін қарап қалмайтынын айтты. Салаға серіп берген білім ошағының бүгінде ұстаздары – білікті, оқушылары – озат. Қай бағытты алып қарасаңыз да олардың жетістігі көп. Ел ертеңі болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда сапалы білім беріп қана қоймай, ұрпақ тәрбиесіне басымдық берген ұжымның бүгінде жұмысы жүйелі, оған мектеп тынысымен танысып жүріп көз жеткіздік.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Озат оқушы

Білімді Балнұр

Бүгінде аудандағы озат оқушылар білімін әр салада саралап, қабілетін шыңдауда. Мәселен, Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептің оқушысы Балнұр Берікқызы білім бәйгелерімен қатар спорт саласында да өзінің мықтылығын дәлелдеп жүр.

Мектеп мақтанышы биыл 9-сыныпқа қадам басты. Осы уақытқа дейін түрлі білім бәйгелерінен жүлделі орындар иеленген ол былтырдан бастап биология пәнінен олимпиадаға қатысып келеді. Айтуынша, аудандық кезеңде I орын, облыстық кезеңде арнайы сертификат иеленген. Озат оқушы екеуара диалог барысында алдағы жылдары ұлттық бірыңғай тестілеуге таңдау пәнінде шешіп қойғанын айтты. Өрине, оның таңдауы – биология-химия пәніне түскен. Ол ұстаздары секілді мұғалім болуға бел буып отыр.

Кейіпкеріміз жоғары да айтып өткенімдей, білім бәйгелерімен қатар

спортта да біраз жетістікке жеткен. Мұндағы алтын ұяда қыздардан құралған гандбол құрамасы бар. Ал Балнұр – сол құраманың белді ойыншысы. 5-ші сыныптан бастап осы спорт түріне бейімделіп, командалас қыздармен бірге аудандық, облыстық, республикалық ойындарда топ жарып жүр.

– Әлі есімде, 5-ші сынып оқимын. Дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін Нұрлыбек ағай сабақ барысында гандбол ойынының шарттарын түсіндіріп, үйретті. Сол күннен бастап аталған спорт түріне қызығушылығым оянып, бастапқы да мектепшілік, аудандық жарыстарға қатысып жүрдім. Кейін об-



лыстық, республикалық ойындарда да ойнадым. Жақында ғана Астана қаласында ойынның республикалық кезеңі өтті. Бірінші орынға таласу үшін қарсыласымыз Павлодар қаласының командасымен ойын алаңына шықтық. Командадағы ең мықты ойыншымыз ауырып қалса да, жетекшіміздің «Қыздар, алға!» деген ұранымен ойында бастап кеттік. Ұпай төңде-тең келе жатып, соңғы бір минутта қарсыластарымызға есе жіберіп алдық. Сон-

да жаттықтырушыларымыз көліп «уайымдамандар, әлі талай жетістікке жетесіңдер» деп үлкен қолдау білдірді, – дейді ол.

Айта кетейік, Балнұр мектептегі гандбол үйірмесінен бөлек «Наркескен» спорт клубындағы үйірмеге де қатысып, аудан абыройын да асқақтатып жүр. Кейіпкеріміздің тағы бір өнері бала күнінен ақ қағаз бен қаламсапты жанына серік етіп келеді. Ол сынып жетекшісі Арай Жарқынбекқызына арналған «Сағандым сені, Арай» атты кітапта ұстазына деген сағынышын жеткізіп, жетістігі мен бағындырған белесін ұстазының біліктілігімен байланыстырған. Осыған қарап мұндағы ұлағатты ұстаздардың шәкірттеріне қандай үлгілі жан екенін аңғара қойдық.

Аяулы Арай апайым! Жүрегі нәзік, ізгі, кең. Сағынып жүрмің, сізді мен. Сізді алып кеткен көлмеске, Жек көріп кеттім күзді мен. Жаның ұққан әр баланың, Мейіріміндей ананың. Сағынып жүрмін мен сізді, Жасқа толып жанарым... Бұл өлең жолдары озат оқушының тағы бір қырын паш етіп тұрғандай.

Гүлжан ЕСЖАН

Маман мерейі

Ғалымжан Сейтжанов – білім саласында 30 жылға жуық еңбек өтілі бар білікті маман. Шәкірттерін шыңдаудан шаршамайтын қолөнер шеберінің оқушыларымен жеткен жетістігі көп. Жаңа оқу жылының басталғаны кеше ғана, бірақ ол аз ғана уақытта алғашқы жетістігіне қол жеткізіп үлгерген.

Білікті педагог



Мектепке кіргеннен көздің жауын алар көркем қолөнерлер көзімізге оттай басылды. Түрлі ағаштан жасалған бұйымдар мен тұтастай бір бөлмені бүтіндеп тұрған қолөнер бұйымдары – Ғалымжан Сейтжановтың шәкірттерімен бірлесе жасаған жұмысы.

Иә, ХХІ ғасыр – ғылым мен білімнің, жаңа технологияның дәуірі. Бүгінде жастардың ақыл-ойы мен күш-жігерін өнертапқыштық салаға икемдеп, технологияны жетік меңгеруіне жүйелі жұмыс жасалып келеді. Дарынды оқушылардың шығармашылығын шыңдап, қолдау бағытында «Ұлы өнертапқыштыққа қадам» атты инновациялар идеялар байқауы қолға алынған. Бұл сайыста қатысушылар түрлі бағыт бойынша бақ сынаиды. Жас өнертапқыштардың білімі мен ойлау қабілеті сығна түскен сайыста үздіктер қатарынан көрініп, республикалық кезеңге жолдама алған оқушылардың бірі – Қуаныш Бауыржанұлы. Ол жетекшісі Ғалымжан Сейтжановпен бірге ерекше кеме жасап шығарып, әділқазылардың оң бағасына ие болған.

– Бұл кемеңіз өзгелерден ерекшелігі ауа райының қолайсыздығына қарамастан теңізде, мұхитта жақсы жүзеді. Айта кетейік, тағы бір ерекшелігі, оның тұмсығында. Ол теңізде қатты толқындар болған жағдайда толқынды кесіп өтіп, кемеңіз жылдамдығына әсер етпейді. Сондай-ақ басқа кемелерге қарағанда толқында өзін жақсы ұстайды, яғни толқындар кесіп өту үшін осылай жасадық. Ішке су кірмейді, әрі күн сәулесінен энергия алады, – дейді білікті маман Ғалымжан Абатұлы.

Бұл кемеңіз су бетінде тұратын үш бөлігі болады. Сол үшін оны тримаран деп атайды. Өлшемдері 20 м-ден 80 м-ге дейін жетеді. Тримаран кемесі көбінесе саххаттау үшін немесе демалу үшін қолданылады. Кеме сағатына 15-20 шақырым жүзеді.

Кейіпкеріміз бұл кемеңі шәкірті Қуаныштың ұсынысымен екі аптада дайындап шығарғанын. Сөзіне сүйенсек, бұл жарыс әдеттеден биыл ерте басталған. Десе де аз ғана уақыттың ішінде осы кемеңі құрастырып шыққан. Ол байқаудың республикалық кезеңіне дейін кемеңе тағы да қосымша өзгерістер енгізетінін айтады, яғни кемеңің жанармайы немесе тоқ көзі таусылып қалған жағдайда кеманың жарты жолда қайта қоймас үшін желкенді қайық секілді желкен көретін қызметін де іске қоспақ.

Ол шәкіртінің бұл байқауға алғаш рет қатысып тұрғанына қарамастан жан-жақты, ізденімпаз екенін айтып, әлі талай жетістікке жететініне сенім білдірді. Біз де IT саласына жақында ғана қадам басқан Қуаныштың байқаудың республикалық кезеңінде де қатысушылар арасынан оқбойы оза шығып, заман талабына сай тиім идеясымен жасаған жаңа технологиясы аудан абыройын асқақтатады деп білеміз.

Айта кетейік, білікті маман мектепке қызмет атқарған жылдан бастап «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты инновациялар идеялар байқауына оқушыларын қатыстырып, нәтижесінде талаай табысқа жетіп жүр. Ғалымжан Сейтжановтың жас өнертапқыштармен бірге авиация саласындағы жобалар, космоновтика және аэрокосмос техникасы, автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу, су, көлік саласындағы техникаларды құрастыру тақырыптары аясында бірлесе жасаған жұмыстары қазыларалқасының көңілінен шығып, марапат төрінен көрініп. Жұмыс кабинетінде тағы бір ерекше кемеңі көзіміз шалды. Сурастырсақ, бұл кеме осыдан 2 жыл бұрын шәкірті Фархад Мұратбекпен бірлесіп жасалған.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл кемеңі 2014 жылы Францияда EURONAVAL 24 атты көрмеде прототипі таныстырылған Кеме ТРИМАРАН 4000 XWIN стелс стилінде жасалған. Ұзындығы 130-140 метр, ал өні 40 метрге жуық. Қару есебінде жаңа үлгідегі лазерлік қондырғылар орналастырылған және кемеді екі басқарушысыз тікұшақ бар. Бұл аппараттар теңізде, мұхитта жүргенде оларды аспанға ұшырып, жан-жағына барлау жұмыстарын жүргізе алады.

Ұлағатты ұстаздың өнертапқыш шәкіртінің бірі – Нұрислам Тұрарбек. Ол «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылық байқауының аудандық, облыстық кезеңінен I орын иеленіп, республикалық байқаудан арнайы сертификат алған. Дәл осы сайыстың облыстық кезеңінде шәкірті Ахат Нұртерге ағаш, сүйек, тері бұйымдары номинациясы бойынша III орынды иеленген. Оқушылары Ұзақбай Диас, Қуанышбай Ақниет, Алдамжаров Тәмерлан, Кәрісбек Бағдәулетте республикалық кезеңде жоғары жетістікке қол жеткізді.

– ХХІ ғасыр – білім мен біліктіліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіпті игеріп, үнемі заман ағымына қарай бейімделуі арқылы ғана қабілетін арттыра алады. Осы орайда келешегін ғылыммен байланыстыратын жас шәкірттердің еңбегін көпшілікке жиі таныстырып, мүмкіндік болса, өзге өңірлерге тәжірибе алмасуға жіберіп тұрсақ деген ниеттеміз. Рәсіммен ХХІ ғасыр – жаңа технологияның дәуірі. Осы тұста жастардың ақыл-ойы мен күш-жігерін өнертапқыштық салаға икемдеп, технологияны жетік меңгеруіне жүйелі жұмыс жасап келеміз, – дейді Ғалымжан Абатұлы.

Әрбір шәкіртті тәрбиелеуде білім мен өнерді ұштастырып, олардың дарынын дамытып, қолдау көрсетіп жүрген Ғалымжан ұстаздың еңбегі ерөн. Оның бұл жұмысы бүгінде елеусіз қалмай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Талай шәкірттің талантын шыңдаған ұстаздың шәкірттерімен алдағы уақытта да республикалық байқауларда топ жарып, аудан намысын қорғай берері сөзсіз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВЖалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясыБас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1610

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ